

Бурабай ауданында тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 5С-12/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 қаңтарда № 3627 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 3 наурыздағы № 5С-40/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 03.03.2015 № 5С-40/5 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 12.06.2013 № 5С-16/5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысына, «Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына, «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 қаулысымен бекітілген «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына және Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 3 сәуірдегі № А-4/123 қаулысымен бекітілген «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне сәйкес Бурабай аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 25.09.2014 № 5С-34/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қоса берілген Бурабай ауданында тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасы бекітілсін.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 12.06.2013 № 5С-16/5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Бурабай аудандық мәслихаттың «Бурабай ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» 2011 жылғы 21 қазандағы № С-38/3 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-19-212 тіркелген, 2011 жылғы 8 желтоқсанда «Бурабай» және «Луч» аудандық газеттерінде жарияланған), «Бурабай аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 21 қазандағы № С-38/3 «Бурабай ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2012 жылғы 18 сәуірдегі № 5С-4/2 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-19-231 тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырдағы «Бурабай» және «Луч» аудандық газеттерінде жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	А у д а н д ы қ	м ә с л и х а т т ы ң
	Х І І	с е с с и я с ы н ы ң
төрағасы	Қ.Шаяхметов	
	А у д а н д ы қ	м ә с л и х а т т ы ң
хатшысы	Ө.Бейсенов	
«КЕЛІСІЛДІ»		
Бурабай ауданының әкімі	Ә.Ғазиз	
Бурабай	аудандық	мәслихаттың
2012	жылғы	20
№	5 С - 1 2 / 4	ш е ш і м і м е н
бекітілген		ж е л т о қ с а н д а ғы

Бурабай ауданында тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасы

Ескерту. Қағиданың атауы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 12.06.2013 № 5С-16/5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Осы Бурабай ауданында тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысына, «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына, «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 қаулысымен бекітілген «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына және Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 3 сәуірдегі № А-4/123 қаулысымен бекітілген «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне сәйкес әзірленген және Бурабай ауданында тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау мөлшері мен тәртібін белгілейді.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 25.09.2014 № 5С-34/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Жалпы ережелер

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Бурабай ауданында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) ұсынылады:

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға ;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге;

4) **алынып тасталды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 15.04.2014 № 5С-29/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен .**

Ескерту. Қағиданың 1 тармағына өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 15.04.2014 № 5С-29/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

3. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Ескерту. Қағиданың 3 тармағы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 15.04.2014 № 5С-29/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шекті жол берілген шығыстар үлесі отбасының орташа айлық жиынтық кірісіне 10 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Ескерту. 4 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 12.06.2013 № 5С-16/5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

5. Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну шығындары белгіленген көлемнің нормасынан жоғары болса, төлем жалпыға бірдей негізде жүргізіледі. Жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы бір адамға он сегіз шаршы метр. Жалғыз тұратын азаматтар үшін жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы отыз шаршы метр, бірақ бір бөлмелі пәтердің көлемінен аз болмауға тиіс.

6. Электр энергиясының шығын нормасын бір адамға айына 100 (жүз) киловаттан артық емес болып белгіленеді.

7. Бурабай ауданында тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу,

жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты е с е б і н е н к ө р с е т і л е д і .

Ескерту. Қағиданың 7 тармағы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 15.04.2014 № 5С-29/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган болып «Бурабай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі анықталды.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу

9. Тұрғын үй жәрдемақысы өтініш берілген күнге байланысты емес ағымдағы тоқсанға толық тағайындалады, ал отбасының өткен тоқсандағы табыстары мен коммуналдық қызметтерінің шығындары есепке алынады.

10. Отбасының табыстары, тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтердің төлемдерінің тарифтері өзгерген кезде «Бурабай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бұрын есептелген тұрғын үй көмегіне қайта есептеулер жүргізеді.

11. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 қаулысымен бекітілген «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 25.09.2014 № 5С-34/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12. Алынып тасталды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 25.09.2014 № 5С-34/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

13. Алынып тасталды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 25.09.2014 № 5С-34/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

14. «Бурабай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі тұрғын үй көмегін тағайындау туралы шешімді келесі жағдайларда шығарады:

1) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақы ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтері үшін төлемдер, тұрғын үй-жайды

пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысы отбасының осы мақсаттарға белгіленген 10 % шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінен аспайтын болса ;

2) тұрғын үй иесімен және жалдаушылармен (қосымша жалдаушыларымен) құжаттардың тізбесін толық тапсырмаса.

Ескерту. Қағиданың 14 тармағына өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 15.04.2014 № 5С-29/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15. Ұсынылған ақпараттың сенімділігіне күдік туындаған жағдайда «Бурабай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі тексеріс жүргізуге уәкілетті органдарға жүгінеді. «Бурабай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне заңсыз немесе жоғары тұрғын үй көмегін тағайындалуына әкелген әдейі жалған мәліметтер берілсе, заңсыз тағайындалған соманы меншік иесі (жалға алушы) өз еркімен қайтарады, ал бас тартқан жағдайда сот арқылы қайтарылады.

16. Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі төлемдерін «Бурабай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырады. Тұрғын үй көмегін алуға үміткердің жеке өтінішіне сәйкес коммуналдық қызметтерге бөлінетін тұрғын үй көмегі коммуналдық қызметтер көрсетушілеріне қаражат аудару арқылы жасалады. Телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақы ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтері үшін, табысы кедейлік деңгейінен төмен аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) жергілікті жылу берілетін жеке меншік үйде тұратындарға қатты отын сатып алуға жұмсалған шығынды өтеуге төленеді, нақты пайдаланылған қызметтерден шыға отырып есептеледі және тұрғын үйді күрделі жөндеу шығындарына өтемақы өтініш берушілердің екінші деңгейлі банктердегі шоттарына аударылады.

3. Жергілікті жылу берілетін жеке меншік үй-жайларда тұратын табысы кедейлік деңгейінен төмен, аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) қатты отын сатып алуға жұмсалған шығындарын өтеу бойынша тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі

Ескерту. 3 тараудың атауы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 12.06.2013 № 5С-16/5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

17. Тұрғын үй көмегі жергілікті жылу берілетін жеке меншік үйлерде тұратын табысы кедейлік деңгейінен төмен аз қамтамасыз етілген, отбасыларына (

азаматтарға) қатты отын сатып алуға жұмсалған шығынды өтеу тұрғын үй иесіне, жалға алушыларға беріледі (тұрғын үйді жалға алғандығы туралы шарты болса).

18. Тұрғын үй көмегі жергілікті жылу берілетін жеке меншік үйлерде тұратын табысы кедейлік деңгейінен төмен аз қамтамасыз етілген, отбасыларына (азаматтарға) қатты отын сатып алуға жұмсалған шығынды есептеу үшін, әлеуметтік тұрғын үй нормасына сәйкес отын шығыны бір шаршы метрге жүз жиырма бес килограмм мөлшерінде есепке алынады, бірақ жылына бір отбасына б е с т о н н а д а н а с п а у к е р е к .

Коммуналдық қызметтерді тұтыну және аз қамтамасыз етілген табысы кедейлік деңгейінен төмен отбасыларына (азаматтарға) жергілікті жылу берілетін жеке меншік үйде тұратындарға қатты отын сатып алуға жұмсалған шығынды өтеуге төленеді, нақты пайдаланылған қызмет шығынымен отырып есептеледі, бірақ белгіленген нормалардан артық емес.

19. Қатты отын құнын есептеу үшін тұрғын үй көмегі есептелген алдыңғы тоқсанның соңғы айындағы (наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан) жағдай бойынша аудандық ақпарат және статистика бөлімі ұсынған аудан бойынша орташа бағасы пайдаланылады.

20. Жергілікті жылу берілетін жеке меншік үйлерде тұратын табысы кедейлік деңгейінен төмен аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) қатты отын сатып алуға жұмсалған шығынды тағайындау мерзімі 1 қазаннан бастап 1 мамырға дейінгі мерзім есептеледі.

21. Жергілікті жылу берілетін жеке меншік үйлерде тұратын табысы кедейлік деңгейінен төмен аз қамтамасыз етілген, отбасыларына (азаматтарға) қатты отын сатып алуға жұмсалған шығынды өтеу үшін тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде отбасының орташа табысы өтініш берілген тоқсанның алдындағы тоқсанына есептеледі.

22. Сумен, газбен жабдықтау, қоқыс шығару бойынша шығындар өтініш берілген тоқсанның алдындағы нақты тұтынылған тоқсанға қарай төлегені жөніндегі қоса ұсынылатын түбіртектерге сәйкес орта мөлшерде белгіленеді.

4. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу

23. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық тоқсандық табысын тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган белгілейді, тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы табыстарынан «Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың)

жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 бұйрығы негізінде есептейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК